



Enbekshikazak

www.mezet.kz

enkaz@mail.ru



Еңбекшіқазақ аудандық қоғамдық-саяси апталық • Еңбекшіказахский районный общественно-политический еженедельник

ГАЗЕТ 1930 ЖЫЛДЫҢ 10 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ

№8 (7207)

21.02.2025.

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ 80 ЖЫЛ!



Ғасыр жасаған ардагер

Адамзат тарихындағы алапат соғыста ерлік көрсетіп, бейбіт заманда білім беру саласында жемісті еңбек еткен ауданымыздағы жалғыз Ұлы Отан соғысының ардагері Солтанбай Жарықбасов 100 жасқа толды. Ғасыр жасаған ардагердің шаңырағына аудан әкімі Талғат Байеділов, мәслихат төрағасы Бекет Ахметов, аудан әкімінің орынбасары Ерболат Сарабеков, қорғаныс бөлімінің басшысы Болат Смаилов, ішкі саясат бөлімінің басшысы Қайсар Асқарұлы арнайы барып құттықтап, сый-сияпатын табыстады.

Қан майданда оқ пен оттың ортасында елді жаудан қорғаған бейбіт күннің батырына жылы лебіздерін білдірді қоңақтар.

– Қаншама боздақтардың өмірін қиып, ананы баласыз, баланы әкесіз қалдырған сұм соғыстағы жеңіске биыл – 80 жыл. Бүгінгі ұрпақтың бейбіт аспан астында өмір сүруі үшін

фашизмге қарсы күресіп, Ұлы Жеңіс сыйладыңыздар. Сіздің майдандағы ерлігіңіз, өнегелі өмір жолыңыз – бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге, – деді Талғат Ескендірұлы.

Майдангер ақсақал естелік әңгімелерімен бөлісіп, қоңақтарға ақ батасын беріп, ризашылығын білдірді.

Айта кетейік, Солтанбай Жарықбасов Алға ауылында дүниеге келген. 1943 жылдың қаңтарында Ташкенттегі мергендер курсына оқып, сәуір айында әскерге аттанады. Забайкалье майданындағы 25-ші қызыл тулы механикаландырылған бригаданың құрамында 1-ші батальонының, 1-ші ротасының пулемет бөлімшесінің командирі болған. Жапондықтарға қарсы соғысқа қатысқан ардагер І дәрежелі «Отан соғысы» орденімен және Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің мерейтойлық, мерекелік медальдарымен марапатталған.

Өз тілшіміз.

Тағайындау

Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің 2025 жылдың 17 ақпандағы № 46 өкімімен 2025 жылдың 17 ақпаннан бастап Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің орынбасары болып Сарабеков Ерболат Сарабекұлы тағайындалды.

Ерболат Сарабекұлы 1985 жылы 6 қарашада Ақтөбе облысында дүниеге келген. 2008 жылы Қазақ мемлекеттік Аграрлық университетін «Инженер» мамандығы бойынша, 2013 жылы Алматы үздіксіз білім беру университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 2010 жылы Есік қаласы әкімі аппаратында жетекші маман болып бастаған. 2011-2012 жылдары Еңбекшіқазақ аудандық білім бөлімінің жетекші маманы қызметін атқарған. 2012-2023 жылдары Еңбекшіқазақ аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінде жетекші



маман, бас маман қызметін атқарып, аталған бөлімде басшылық еткен.

2023 жылдың ақпан айынан бастап Алматы облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының олимпиадалық спорт түрлері, спорт резервтері және мемлекеттік қызметтер бөлімінің басшысы лауазымында қызмет атқарған. 2023 жылдың қыркүйегінен бастап Алматы облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы лауазымында қызмет еткен.

ЕЛІМІЗДЕ КӨЛІК ЖҮРГІЗУШІЛЕРІ ҮШІН АВТО САҚТАНДЫРУ ҚҰНЫ БІРНЕШЕ ЕСЕГЕ ӨСЕДІ. СЕБЕБІ, ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ

АГЕНТТІГІ ЕСЕПТЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІН ӨЗГЕРТПЕК.

Көлікті сақтандыру құны өседі

Енді жүргізушілер үшін жаңа санаттар енгізіліп, А және М2 кластары пайда болады. Жол ережесін жиі бұзатын жүргізушілер осы ең төменгі санатқа түсіріліп, полис құны 13 класқа қарағанда 7 есе қымбат шығады. Мәселен, көлікті мас күйінде басқарған не рөлді мас адамға ұсынған, салдарынан қайғылы оқиға болған, апат үлкен материалдық шығынға әкелген жағдайда жүргізушінің санаты осы М2 класына дейін төмендетіледі. Алғаш рет сақтандыру полисін рәсімдеген жүргізушілерге А санаты берілімек.

Санаттың төмендеуіне әкеп соғатын заң бұзушылықтар тізімі айтарлықтай ауқымды. Жылдамдықты асыру, қарсы жолаққа шығу, бағдаршамның қызыл түсіне өту, полицияны елемеу, жолда апатты жағдайлар тудыру да сақтандыру құ-

нының еселеп өсуіне сеп болады.

– Сонымен қатар, әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтар да ескеріледі. Апат саны ғана емес, ауырлығы да ескерілді. Егер апаттан келтірілген залал 200 АЕК-тен аз болса, жүргізуші сыныбының төмендеуі 1 сыныпқа кем болады, – деді сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті басқармасы басшысының орынбасары Әзиз Әбілқасым.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі өкілдерінің айтуынша, кемі 5 жыл 13-санатта болған жүргізушілерге қосымша жеңілдіктер ұсынылуы ықтимал. Сақтандыру компаниялары полистің құнын төмендетуі мүмкін. Бірақ белгілі бір шектен түсіруге болмайды. Жаңа санаттар 7 сәуір күшіне енеді.



Өлеңмен өрілген өмір

Қазақ әдебиетінде қай кезеңде болмасын дара жолын сала білген қабырғалы қаламгерлердің көші үзілген емес. Сондай тылсым өлеңмен тілдесіп, өлеңмен ғұмыр кешкен талантты тұлғалар бүгінгі таңда да жетіп-артылады. Оқырманының ыстық ықыласына бөленіп, шығармалары үлкен бағасын алған ХХІ ғасырдың көрнекті ақындарының бірі Ақберен Елгезек деп айта аламыз. Жуырда Есік гуманитарлық-экономикалық колледжінде «Қазақ әдебиетін қолдау» қоғамдық қорының жетекшісі, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, ҚР Мемлекеттік «Дарын» сыйлығының иегері, ақын әрі жазушы Ақберен Елгезекпен «Өлеңмен өрілген өмір» тақырыбында кездесу өтті. Аталған әдеби шараға өзге аудандардағы колледж ұстаздары, ЕГЭК ұжымы мен студенттері қатысты.

Шараның басында ақын өмірбаянынан үзік сырлар таныстырылды. Сондай-ақ Алматы облыстық әдістемелік

орталығы Техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Шынар Исаханова «Арман мен сенімнен құрал-

ған өмір» тақырыбында ой толғамын ұсынды. Шынар Исаханова Ақберен Елгезектің «Болмаған балалық шақ» кітабынан алған әсерімен бөлісті. Ақынның бастан кешкен қиындықтары мен жан дүниесіне терең үңіліп, кез-келген жас аталған прозамен танысып, сабақ алуы қажеттігін алға тартты. Сонымен қатар колледж студенттері «Болмаған балалық шақ» кітабынан монологтар мен ақын өлеңдерін оқыды, Ақберен Елгезектің сөзіне жазылған «Сезім үшін», «Сүйікті етші» сынды танымал әндері де шырқалды.

(Соңы 3-бетте).

Еңбекшіқазақ-2025

Құрметті оқырмандар!
Аудан жаңалықтарының жаршысы «Еңбекшіқазақ» газетіне 2025 жылға жазылу жүріп жатыр.
Газетке барлық пошта бөлімшелерінде жазылуға болады.
Газет индексі 66541.

Уважаемые читатели!

Идет подписка на газету «Еңбекшіқазақ» на 2025 год.
Подписку вы можете оформить в любом отделении почты.
Подписной индекс 66541.